

«ІТ ғаламшар» компьютерлік шығармашылық жұмыстарының республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдары, колледж білім алушылары арасында Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне арналған «ІТ ғаламшар» компьютерлік шығармашылық жұмыстарының байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: еліміздің дарынды балалары мен жастарын анықтау және қолдау, компьютерлік технологиялармен олардың интеллектуалды, шығармашылық және эстетикалық дамуы.

Міндеттері:

- оқушылар мен студенттердің интернет-қосымшаларды, компьютерлік мультипликацияларды, электронды оқу құралдарын, дамыту ойындарды, видеороликтерді және т.б. құруда заманауи бағдарламалық құралдарды үйрену және қолдануды насихаттау;

- оқушыларда ақпараттық және компьютерлік технологиялар саласындағы жұмыс дағдыларын қалыптастыру;

- оқушылардың шығармашылық ынталарын дамыту, жеке компьютерлік өнімдер құруы арқылы өзін-өзі дамытуы;

- өскелең ұрпақтың қазіргі өзекті қоғам мәселелерін шешуге жұмылдыру.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары **2016 жылғы 12 қараша** дейін **konkurs.itplaneta@mail.ru** электронды поштаға қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **12 қарашадан** кейін түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары **2016 жылғы 28 қарашада** www.ziyatker.org сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: +7 (7172) 24-93-05, («ІТ ғаламшар» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін 1500 (бір мың бес жүз) тенге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, Банк Центр Кредит АҚ.

ИИК KZ91856000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

Төлемақы мақсаты: «ІТ ғаламшар» байқауы.

8. Байқауға қатысу үшін: **konkurs.itplaneta@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмыс.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

9. Байқауға қатысатын жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес боуы тиіс.

10. Байқауға 8 - 18 жас аралығындағы жалпы орта, қосымша білім беру ұйымдары және колледж оқушылары қатыса алады:

кіші жас санаты: 8-10 жас;

орта жас санаты: 11-14 жас;

жоғары жас санаты: 15-18 жас.

11. Байқауға жеке немесе топпен (3 адамнан артық емес) орындалған жұмыстар қабылданады.

12. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

1. «Үздік презентация» номинациясы.

Байқау тақырыбына сай жасалған авторлық бағдарламалар, жоба жасалымдарының презентациялары қабылданады.

2. «Компьютерлік анимация» номинациясы:

Барлық түрдегі анимациялар қабылданады. Мысалы, flash-анимациясы, PowerPoint-анимациясы, 3D-анимациясы, пластилиновая и т.д.

3. «Сайт жасау» номинациясы:

ҚР заңына қайшы келмейтін және өзге тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбайтын әр түрлі тақырыптарда жасалған жеке сайттар қабылданады. Әлеуметтік маңызды жобалар артықшылыққа ие.

4. «Оқу-танымдық видео» номинациясы:

Кез-келген білім бағытындағы оқу мазмұнында жасалған авторлық видеороликтер қабылданады.

5. «Бағдарламалау» номинациясы.

Байқауға келесі санаттағы жұмыстар қабылданады:

- ойындар;
- программалар-жаттықтырушылар;
- оқыту бағдарламалары;
- бақылаушы бағдарламалар;
- Web-қосымшалар;
- мультимедиамен жұмыс жасайтын бағдарламалар;
- практикалық қолданыстағы басқа да бағдарламалар.

Бағдарламаға келесідей сипаттамалар толық берілуі тиіс:

- ✓ жұмысты құруда пайдаланылған бағдарламалық құралдар;
- ✓ жұмысты көрсетуге қажетті қосымша бағдарламалық қамтамалар тізімі.

13. Дайын жоба архив түрінде келесіні қамтуы қажет:

- ✓ қолданушыға нұсқаулықтары бар бағдарламалық өнімді, мүмкіндігінше жеке бағдарламасының басты сипаттарын көрсете отырып, басқа өнімдерден артықшылығын көрсету;
- ✓ бағдарлама кодының мәтіні, мұнда алгоритмді түсіне алатындай, түсіндірмелі жазылуы тиіс;
- ✓ алгоритмнің сөздік және графикалық сипаттамасы.

Жұмыс Intel(R) Pentium(R) CPU G620, 2.60GHz, 4 GB ОЗУ, 2 ядролы, операциондық жүйесі Windows 7x64 компьютерінде көрсетіледі.

Авторлық емес жұмыстар, вирус-бағдарламалары, орындалу барысында Қазақстан заңын бұзатын бағдарламалар қабылданбайды.

14. Байқауға қатысатын жұмыс тақырыптары:

- Менің Отаным.
- Қазақстан болашағы.
- Менің мектебім.
- Табиғат – біздің досымыз.
- Қауіпсіз интернет.
- Электронды оқулық.
- ЭКСПО – 2017.
- Ақпараттық технологиялар.
- Бұл қызық.
- Болашақ инновацияларда.
- Еркін тақырып.

15. Байқауға қатысушы қажетті форматтағы жұмыс файлы және авторлық жұмысын растайтын файлды жіберуі тиіс.

16. Жұмысты ресімдеу ережелері.

Қатысуға өтініммен қатар байқауға жобаның өзі, оның сипаттамасы және жобаны орындау барысы жөніндегі презентация ұйымдастырушының электронды поштасына (**konkurs.itplaneta@mail.ru**) жіберіледі. Жобалар файл алмасу ортасында жүктеліп, өтініште сол ресурсқа сілтемені көрсету қажет

Қатысушылар байқау жұмыстарының архивын электронды поштаға жіберуде төлемақы жүргізілгені туралы құжаттың сканерден өтілген түрін, сонымен қатар хатта келесі мәліметтер көрсетілуі тиіс:

Жобаны сипаттау үлгісі:

1. Номинациясы, атауы.
2. Құру мақсаты.
3. Жобаны таңдау негіздемесі.
4. Жобаны құруда қолданылған техникалық және көркемдеу құралдары.

5. Практикалық маңыздылығы.

17. Жобаны ұсыну формалары:

- **«Оқу-танымдық видео»:** mpg, wmf, flv, avi форматындағы видеофайлдар (ролик 3 минуттан аспауы тиіс, көлемі – 100 мб артық емес);

- **«Компьютерлік анимация»:** mpg, wmf, flv, avi форматындағы видеофайлдар (ролик не более 3 минут, объем – не более 100 мб);

- **«Электрондық оқу құралы»:** Интернет желісінде орналастырылған жұмыстар немесе интернет желісіндегі жоба архивіне сілтеме;

- **«Бағдарламалау»:** Интернет желісінде орналастырылған жұмыстар немесе интернет желісіндегі жоба архивіне сілтеме;

Интернет желісінен алынған және авторлық емес материалдарды қолдануға тыйым салынады.

Байқау жұмыстарына қойылатыр өлшемдер:

- өзектілік;
- автор идеясының жаңалығы мен түпнұсқалығы;
- ақпараттық толықтылығы;
- ақпаратты көрсету көрнекілігі;
- техникалық жарамдылығы.

4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

18. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

19. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары

www.ziyatker.org сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 72 98 99 «ІТ ғаламшар»).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі www.ziyatker.org → Республикалық шаралар → «ІТ ғаламшар» байқауы → жалғасы.

Байқауға қатысушы туралы мәлімет

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8